

Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы

№ 1 « 28 » тамыз 2021 ж
Педкеңесте қаралды

Бекітемін: 
Мектеп директоры: С.Т.Қойайдаров

« 2 » қыркүйек 2021 жыл





Келісемін: 
Ойыл ауданының білім бөлімінің
басшысы С.Т.Меруенов
№ 1 хаттама

10.09.2021 м.



БАЛА ТІЛІН ДАМЫТУ
(вариативтік компонент)

Пайдаланушы: Ғабидоллақызы Б.
МАД тәрбиешісі
Ә/Б отырысында қаралды 
(Ә/Б жетекшісі)

№ 1 хаттама 24 күні 09 айы 2021
Тексерілді:  Г.С.Дарибаева
Оқу ісі жөніндегі орынбасары

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бала тілін дамытуға, олардың сөздік қорларын молайтуға, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Яғни, мектеп жасына дейінгі кезеңде балалармен сөздік жұмысын жан-жақты жүргізу «Қатынас» білім беру саласының негізгі міндеттерінің бірі болып саналады.

Педагог балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр - түсін және пішінін ажырата білуге, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамытуға және белсенді түрде тілдік қарым - қатынас жасай білуге үйретеді.

Балалардың сөздік қорын молайтуда ойынның, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығы тез игеріледі, таным белсенділіктері қалыптасады, сондай-ақ ақыл- ойы өсіп жетіледі. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық - саусақ ойыны болып табылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан - жануарларды, құстарды, ағаштарды т.б көптеген бейнелерді бейнелей алады. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету жұмыстарын жүйелі жүргізуді қалайды.

Саусақ, тіл жаттығулары балалардың:

- нәзік саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру арқылы қолын жазуға дайындайды;
- тілін дамытуға өлшеусіз үлес қосады;
- қимыл арқылы өлең жолдарын қиындықсыз түсініп, жаттап алады;
- айтылуы қиын дыбыстарды дұрыс айтуға ойын түрінде тез жаттығады;
- есте сақтау қабілеті артады;
- елестету арқылы қиялын дамытады;
- әр кейіпкердің рөліне енуді үйреніп, даусын құбылтып, еркін сөйлеуге жаттығады;
- өлеңдерді жаттап, жан-жануарлардың дыбыстарын салу арқылы айтылуы қиын ызың, үнді дауыссыз дыбыстарды анық айтып үйренеді;
- ертегіні тыңдай отырып дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы жалпы түсініктері дамиды.

Ұсынылып отырған бағдарламада саусақ, тіл жаттығуларының мақсаттарына сәйкес қол қимылының белсенділігін арттыруға өз үлесін қосатын қол еңбегінің үлгілері берілген.

Бағдарламаның мақсаты:

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ана тілінің ережелері мен базалық нормаларын игеру және оны қолдана білу іскерліктерін дамыту

Бағдарламаның міндеттері:

Балалармен сөздік жұмысын жүргізу;

Қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы түсініктерін дамыту;

Белсенді тілдік қарым-қатынас жасауға үйрету;

Айналадағы заттардың қасиеті мен сапасын, түр-түсін, пішінін ажыратуға үйрету;

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту.

Бала тілін дамыту

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
1	Сөйлем. Саусақ жаттығуы «Доп»	Сөйлем туралы түсінік. Суретке қарап сөйлемдер құрау. Балалардың ой-өрісін, тілін дамыту. Ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Саусақ моторикасын дамыту	1	8.09
2	Буын, дыбыс. Саусақ жаттығуы «Кірпі»	Буын, дыбыс туралы түсінік. Дыбыстан буын, буыннан сөз құрату. Сөзді буынға бөлу, буынның дыбыстық құрамын ажырату	1	15.09
3	Отбасы. Саусақ жаттығуы «Күнге ұқсаймыз»	Отбасы мүшелері туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрауға, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Өз отбасымен байланыстыра отырып, ондағы өз орнын білуді үйретіп, сөздік қорын дамыту	1	22.09
4	Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Тіл жаттығуы «Ағайынды аралар»	Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру. Олардың ерекшеліктерін түсіндіру	1	29.09
5	Күз кереметі. Жемістер. Саусақ жаттығуы «Саңырауқұлақ»	Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Жемістердің аттарын атап, ажырата білу. Жемістер туралы өлең үйретіп, жұмбақтар шешкізу арқылы сөздік қорларын толықтыру	1	6.10
6	Сөз. Сөз тіркестері. Саусақ жаттығуы «Кұлпы»	Сөз туралы алған білімдерін бекіту. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу	1	13.10
7	Сөйлем құрылымы. Саусақ жаттығуы «Жаңбыр»	Сөйлем құрылымы туралы түсініктерін кеңейту. Екі, үш сөзден тұратын сөйлемдер құрату	1	20.10
8	Сөйлем түрлері. Саусақ жаттығуы «Моншақ»	Сөйлем түрлері туралы түсінік беру. Қол жаттықтыру жаттығулары	1	27.10
9	Мен білімді баламын Тіл ұстарту: (л, р) жаттығуы	Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу	1	10.11

10	Сурет бойынша әңгіме. Тіл жаттығуы «Тынымсыз тіл туралы ертегі»	Байланыстыра сөйлеуге баулу. Тіл ұстарту жаттығулары	1	17.11
11	1-желтоқсан тұңғыш президент күні	1-желтоқсан тұңғыш президент күні туралы түсінік беру	1	24.11
12	Сөз тіркесі. Тіл жаттығуы «Шегіртке»	Сөз тіркесі туралы алған білімдерін кеңейту. Суреттерге қарап, сөз тіркестерін құрастыру	1	8.12
13	Қысқа дайындық. Тіл жаттығуы «Дауыстарын қайтала»	Сурет бойынша әңгіме құрастыру	1	15.12
14	Саусақ жаттығуы «Құстар»	Сурет бойынша әңгіме құрастыру	1	22.12
15	Саусақ жаттығуы «Кірпі»	Сурет бойынша әңгіме құрастыру	1	29.12
16	Саусақ жаттығуы «Қоян»	Сурет бойынша әңгіме құрастыру	1	12.01
17	Қыс қызығы. Саусақ жаттығуы «Аққала»	Қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Сурет бойынша әңгіме құрастыру	1	19.01
18	Қаңтар (Ә.Дүйсенбиев) Тіл жаттығуы «Қоңыз»	Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.Балаларға өлең жаттатқызу, мақал-мәтел,жаңылтпашты қайталату, сөздік қорларын дамыту.Табиғатты сүюге баулу	1	26.01
19	Әжесін қайсысы жақсы көреді? (М.Төрежанов). Саусақ жаттығуы «Қолшатыр»	Балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету. Мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту. Отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу.	1	2.02
20	«Ең тәтті дүние» ертегісі (Қ.Мырза Әли.) Саусақ жаттығуы «Ботақан»	Әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту. Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту. Хайуанаттарды жақсы көруге тәрбиелеу.	1	9.02
21	Жабайы аңдар. Саусақ жаттығуы «Қорбаңбай аю»	Ертегі мазмұнын сұрақтар бойынша әңгімелету. Сөздік қорларын байыту	1	16.02
22	Көлік түрлері. Саусақ жаттығуы «Ұшақ»	Көліктер туралы түсініктерін кеңейту. Қол жаттықтыру жаттығулары	1	23.02
23	8 наурыз – Аналар мерекесі. Саусақ жаттығуы «Гүл	Аналар мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлемдер құрастыру. Ана тақырыбына өлеңдер оқу. Сөздерді анық айтқызу	1	2.03

	тереміз»			
24	Наурыз – жыл басы. Дидактикалық ойын «Сандық»	Наурыз мерекесі туралы түсінік. Ұлттық ойындар туралы әңгімелеу	1	9.03
25	Аң аулау. Саусақ жаттығуы «Қарсақ пен түлкі	Аңшы туралы әңгімелеу. Аңшы сөзін жекеше, көпше түрде айтқызу . Сурет бойынша әңгімелесу	1	16.03
26	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі. Саусақ жаттығуы « Тышқан»	Ертегі мазмұнын айту, сахналау.Жұмбақтар шешу, өлеңдер оқу	1	6.04
27	Малдың төлі. «Төлдер айтысы» ертегісі. Саусақ жаттығуы « Бұзауқан»	Ертегіні мазмұндау. Төлдер тақырыбына өлеңдер оқыту. «Төлдер айтысы» ертегісін рөлдерге бөліп, сахналау	1	13.04
28	Буынға бөлейік. Саусақ жаттығуы « Торғай мен түлкі»	Сөздерді буынға бөлдіру. Олардың неше буыннан тұратынын анықтау. Қол жаттықтыру жаттығулары	1	20.04
29	Дыбыстың сөздегі орны. Ойын «Қасқыр»	Сөздегі дауыссыз дыбыстың орнын анықтау. Тіл ұстарту жаттығулары	1	27.04
30	Менің достарым. Саусақ жаттығуы « Күн көжек»	Қоршаған орта, достар туралы түсініктерін кеңейту. Сурет бойынша әңгіме құрату	1	4.05
31	Ауылда. Саусақ жаттығуы « Қошақаным»	Ауыл туралы әңгімелеу	1	11.05
32	Ыдыстар. Дидактикалық ойын: «Ыдыстарды толықтыр»	Ыдыс-аяқ туралы түсініктерін кеңейту, жұмбақтар шешкізу. Сөйлемдер құрастырту	1	18.05
33	Әйбат біздің әліпби	Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау.	1	25.05

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
3. Ақ сандық, көк сандық . Алматы «Жазушы» 2013 ж
4. Біздің кітап. Баймұратова Б. «Алматы кітап» 2015ж
5. Бөбектерге байғазы кітапханасы. Алматы 2013ж
6. Тіл ашар
7. Қазақ балабақшаларына арналған «Балбөбек» бағдарламасы
8. Жаттамақ
9. Балабақшадағы дидактикалық ойындар. Сорокина А.Е. 2017г
10. 777 жұмбақ, Алматы «Ана тілі» 2015 ж
11. Жыл он екі ай. 2012 ж